Конкурстық құжаттамаға
13-қосымша

## Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

| | |
|---|---|
| **Тапсырыс берушінің атауы:** | "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ұлытау облысының төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі |
| **Ұйымдастырушының атауы:** | "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ұлытау облысының төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі |
| **Конкурстың №:** | № 17997267-1 |
| **Конкурстың атауы:** | Оқыту-жаттығу мұнарасы, спорттық, 2 жүгіріс жолы бар, өрт-құтқару спортында жаттығу жасауға арналған |
| **Лоттың нөмірі:** | № 87916934-ОК1 |
| **Лоттың атауы** | Жаттығу құралы |
| **Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*:** | 323014.000.000030 |
| **Тауардың атауы*:** | Жаттығу құралы |
| **Өлшем бірлігі*:** | Комплект |
| **Саны (көлемі)*:** | 1 |
| **Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы*:** | 21750000 |
| **Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*:** | 21750000 |
| **Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс*:** | |

| | |
|---|---|
| **Жеткізу шарттары (сәйкес ИНКОТЕРМС 2010)*** | DDP термині келу орнын көрсете отырып қолданылады. Бұл сатып алушының елінде көрсетілген жерге тауар жеткізілгеннен кейін сатушының жауапкершілігі аяқталатынын білдіреді. Жүктерді жеткізу бойынша барлық тәуекелдер, барлық шығыстар (салықтар, баждар және т.б.), импорт кезінде төленетін баждар мен басқа да төлемдерді қоса алғанда, тауардың бүлінуі мен жоғалуы үшін жауапкершілік осы уақытқа дейін сатушыға жүктеледі, сатушы сонымен қатар кедендік тазартуға жауап береді |
| **Жеткізу мерзімі*** | Техникалық сипаттамаға сәйкес |
| **Жеткізу орны*** | 621010000, Ұлытау облысы, Жезқазған қ. Абай к-сі, 132 |
| **Аванстық төлем мөлшері*:** | 0 |
| **Ұлттық стандарттардың атауы, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға арналған мемлекетаралық стандарттар. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.** | МЕМСТ 9301-21 |
| **Тұрғын емес мақсаттағы ғимараттарды, құрылыстарды, үй-жайларды, авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған шарт жасасу күніне дейін (үш жылға дейін) шығарылған жылы болуға тиіс** | |
| **Кепілдік мерзімі (айлармен)** | 36 |

| | |
|---|---|
| **Сатып алынатын тауардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамаларының сипаттамасы** | Физикалық тозуына, сондай-ақ техникалық шарттар мен бекітілген конструкторлық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты екі жүгіру жолымен жабдықталған қолданыстағы төрт қабатты оқу-жаттығу мұнарасын бөлшектеу қажет. Мұнараны бөлшектеу жүк көтергіш кранды қолдана отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтай отырып жүргізілуі тиіс. Бөлшектелген мұнара конструкциялары Тапсырыс беруші айқындаған аумақ учаскесіне кейіннен сақтау үшін тиеліп, тасымалданып және түсірілуі тиіс. Бөлшектеу, тиеу және әкету бойынша барлық жұмыстар Жеткізушінің күшімен және қаражаты есебінен орындалады. Мұнараның сипаттамасы: Екі жүгіру жолына арналған оқу-жаттығу мұнарасы (бұдан әрі – мұнара) «Оқу мұнарасының 4 (2, 3)-қабатының терезесіне шабуыл сатысымен көтерілу» пәні бойынша өрт-құтқару спортының жаттығу сабақтары мен жарыстарын өткізуге арналған. Мұнара жүгіру жолына немесе тегіс көлденең бетке не жабынға орнатылуы тиіс. Мұнара табиғи климаттық жағдайларда ауа температурасы -40°С-тан +40°С-қа дейін және +27°С температурада ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 90% болған кезде пайдаланылуы мүмкін. Техникалық талаптар Мұнара осы техникалық шарттардың талаптарына және конструкторлық құжаттама жиынтығына сәйкес болуы тиіс. Конкурстық өтінім құрамында оқу-жаттығу мұнарасына берілген қолданыстағы сәйкестік сертификаты, жоба, сызбалар және бекітілген ерекшелік қоса ұсынылуы міндетті. Конструкциясы: Мұнараның габариттік өлшемдері (тік орнықтылықты қамтамасыз ететін диагональды тіректер мен жүгіру жолын есепке алмағанда) габариттік сызбаларға сәйкес болуы тиіс: биіктігі – кемінде 13 160 мм; ені – кемінде 4 100 мм; тереңдігі – кемінде 3 000 мм. Мұнара төрт қабатты болуы және тік орналасқан 4 қатар терезесі болуы тиіс. Көтергіш конструкциясы бір-бірімен жалғанған тік тіректерден, көлденең және диагональды тіректерден тұратын металл қаңқадан жасалуы тиіс. Тік тіректер 120×120×4 мм профильді құбырдан дайындалып, кемінде 2 м тереңдікке бетонмен бекітілуі тиіс. Көлденең және диагональды тіректер 80×80×3 мм және 60×60×3 мм профильді құбырлардан жасалуы тиіс. Мұнараның әр қабатында терезе ойықтарынан есептегенде тереңдігі кемінде 1 800 мм болатын алаңша болуы тиіс. Алаңшаларға 40×20×3 мм профильді құбырдан жасалған стационарлық қоршау орнатылуы тиіс. Мұнараның ішіне барлық қабаттарға шығатын баспалдақ марштары орнатылуы тиіс. Баспалдақ конструкциялары 80×80×3 мм профильді құбырдан жасалады. Баспалдақ ойықтары тіреулері бар 40×20×3 мм профильді құбырдан жасалған қоршаулармен жабдықталуы тиіс. Баспалдақ марштарын орнату үшін баспалдақ конструкцияларына 40×40×4 мм бұрыштық темір дәнекерленіп бекітіледі. Оларға қалыңдығы 50 мм ағаш тақтайлар орнатылады. Тұтқалар 40×20×3 мм профильді құбырдан жасалуы тиіс. Барлық қабаттардағы алаңшалардың еденделері қалыңдығы кем дегенде 18 мм болатын қалыптарға арналған ламинатталған фанерамен қапталуы тиіс. Мұнараның жүгіру жолына қараған тік қасбеттік жазықтығы жұмыс беті болып табылады және қалыңдығы |

| | |
|---|---|
| | кемінде 18 мм ламинатталған фанерамен қапталуы тиіс. Спорттық аяқ киіммен жанасу салдарынан тозуға бейім жерлер (терезе алды тақтайларының астындағы бөліктер) қосымша ені кемінде 800 мм, қалыңдығы кемінде 6 мм резеңкемен қапталуы тиіс. Қалған үш жағы қалыңдығы кемінде 0,40 мм болатын «Еуробрус» үлгісіндегі металл сайдингпен қапталуы тиіс (түсі Тапсырыс берушімен келісіледі). Бұрыштары 15×15 мм иілісі бар 100×100 мм пішінді металл бұйымдармен қапталуы тиіс. Мұнараның жұмыс жағында мынадай талаптар көзделуі тиіс: - 2, 3 және 4-қабаттарда өлшемі кемінде 1 100×1 870 мм болатын екі терезе ойығы болуы тиіс; - терезеден қабырға шетіне дейінгі қашықтық кемінде 650 мм болуы тиіс; - терезе ойықтарының арасындағы қабырға бөлігінің ені кемінде 600 мм болуы тиіс; - тақтайшаның қалыңдығын ескере отырып, терезе алды тақтайының ені кемінде 380 мм болуы тиіс. Өрт жеңі ілінетін терезе алды тақтайы қасбеттің жазықтығынан кемінде 30 мм шығып тұруы тиіс; - қалыңдығы кемінде 50 мм болатын терезе алды тақтайлары қажет болған жағдайда оңай ауыстырылуы үшін бұрыштық темірге орнатылуы тиіс. Тақтайдың ішкі жағындағы қырлары дөңгелектенуі тиіс. Терезе алды тақтайының еден деңгейінен биіктігі кемінде 800–850 мм болуы тиіс. Екінші қабаттың терезе алды тақтайының жер бетінен биіктігі кемінде 4 250 мм болуы тиіс. 2 және 3-қабаттардың, сондай-ақ 3 және 4-қабаттардың терезе алды тақтайларының арасындағы қашықтық кемінде 3 300 мм болуы тиіс. Екінші қабаттың терезелерінің астында, терезе алды тақтайынан кемінде 3 140 мм қашықтықта, мұнараның бүкіл ені бойынша 60×60 мм брус орнатылады. Брустың төменгі жағындағы мұнара қасбетінің бөлігі қалыңдығы кемінде 0,7 мм тот баспайтын металл табақпен қапталуы тиіс. Мұнараның төменгі бөлігінде, екінші қабаттың терезе алды тақтайының деңгейінен кемінде 4 250 мм қашықтықта, мұнараның бүкіл ені бойынша сақтандыру жастықшасының деңгейін (нөлдік белгі) білдіретін сызық ашық түсті бояумен белгіленуі тиіс. Мұнараның жұмыс жағында, топыраққа қалыңдығы кемінде 1 м болатын сақтандыру жастықшасы орнатылуы тиіс. Оның қасбет жағынан ені кемінде 4 м болуы, ал бүйір жақтарынан мұнараның габаритінен кемінде 1 м шығып тұруы тиіс. Көрсетілген қалыңдықтағы сақтандыру жастықшасы 50% үгінді мен 50% құмнан тұратын қоспадан жасалуы тиіс. Аталған материалдар өзара араластырылып, серпімді негіздің үстіне қабаттап төселеді. Негіздің қалыңдығы кемінде 0,5 м болуы тиіс. Серпімді негіз бен себінді қабатының арасына қап матадан төсем салынады. Шұңқырдағы себінді жеткілікті дәрежеде қопсытылған болуы, бірақ екпін алу жолының деңгейімен бірдей болуы тиіс. Жастықша шұңқырынан суды бұру үшін дренаж немесе судың ағып кетуін қамтамасыз ететін басқа құрылғы орнатылуы тиіс. Қалыңдығы кемінде 3 мм капрон жіптен жасалған, ұяшықтарының өлшемі 50×50 см болатын сақтандыру торы орнатылуы тиіс. Тор оқу-жаттығу мұнарасының алдына, екінші қабат терезесінің ортасы деңгейінде, жүгіру жолының бетінен кемінде 5 200 мм биіктікте және мұнараның жұмыс бетінен кемінде 700 мм қашықтықта барлық |

| | |
|---|---|
| | жүгіру жолдарын көлденеңінен қамти отырып керілуі тиіс. Торды бекіту ұзындығы әр жағынан кемінде 8 метр болатын 80×80×4 мм металл құбырдан жасалған қаңқаға жүзеге асырылады. Бетондалған алаңшаның ұзындығы кемінде 36 м, ені кемінде 8 м, қалыңдығы кемінде 10 см болуы тиіс. Барлық жүгіру жолының бетіне қалыңдығы кемінде 10 мм резеңке үгіндісінен жасалған тартан жабыны төселуі тиіс. Жүгіру жолдарының арасына және старт сызығына белгілеулер жүргізілуі тиіс. Шабуыл сатысымен көтерілу бойынша жарыстар өткізу үшін мұнараның табанынан кемінде 32,25 м қашықтықта старт сызығы белгіленуі тиіс. Әрбір жүгіру жолының ені кемінде 1,7 м болуы тиіс. Старт сызығы мұнараның қасбетіне параллель етіп ақ бояумен жүргізілуі тиіс. Сенімділігі: Мұнараның негізгі элементі болып табылатын қаңқа кемінде 3 жыл, қалқандары кемінде – 2 жыл, еден жабыны кемінде – 1 жыл пайдалану мерзімін қамтамасыз етуі тиіс. Қосымша талаптар: Спорттық жабдықтарды сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін мұнараның 1 және 2-қабаттары қалыңдығы кемінде 0,40 мм болатын «Еуробрус» немесе эквивалент үлгісіндегі металл сайдингпен қапталуы тиіс (түсі Тапсырыс берушімен келісіледі). Шатыры қалыңдығы кемінде 0,45 мм мырышталған профильді табақпен жабылуы тиіс. Өлшемі кемінде 2 000×700 мм болатын темір есік және өлшемі кемінде 1 000×1 500 мм болатын кемінде 1 терезе орнатылуы тиіс. Мұнараны қысқы кезеңге консервациялау кезінде барлық терезелерді тығыз жауып тұру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін алынбалы «жапқыштар» (ставнилер) қарастырылуы тиіс. Жиынтықтың механикалық және физикалық қасиеттеріне қойылатын талаптар: Мұнара әртүрлі атмосфералық жағдайларда пайдаланылуы мүмкін болғандықтан, оның қаңқасы ГОСТ 9301-21 мемлекетаралық стандартына сәйкес коррозияға қарсы, ылғалға төзімді жабынмен (s = 9–12 мкм) қорғалуы немесе алдын ала грунтпен өңделгеннен кейін атмосфералық әсерге төзімді бояумен боялуы тиіс. Қалқандардың алдыңғы беті атмосфералық жауын-шашынның әсеріне жоғары төзімді сыртқы бетке ие болуы тиіс. Тауарды жеткізу мерзімі Тауарды жеткізу мерзімі – Қазынашылық органдарында шартты тіркегеннен кейін 30 күнтізбелік күн, бірақ шарттың қолданылу мерзімінен аспайды. Жеткізушіге қойылатын талаптар Құрастыру және орнату жұмыстары Жеткізуші тарапынан жүзеге асырылады және мұнараның жалпы құнына кіреді. Жеткізу орны: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Абай көшесі, 132. Орнату орны Жеткізушімен келісу арқылы айқындалады. |
| **Ілеспе қызметтер (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (тауарларды монтаждау, баптау, оқыту, тексеру және сынау)** | |

| | |
|---|---|
| **Әлеуетті өнім беруші оны жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін бас тартуына жол берілмейді)** | |

Ескертпе:
1. Функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану, өзге де сипаттамалар, ілеспе қызметтер және орындаушыға қосымша шарттар бойынша әрбір талап жеке жолда көрсетіледі.
2. Осы техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшелік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
*мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан тартылады (автоматты түрде көрсетіледі).

Приложение 13
к конкурсной документации

## Техническая спецификация закупаемых товаров (заполняется заказчиком)

| | |
|---|---|
| **Наименование заказчика** | Государственное учреждение "Департамент по чрезвычайным ситуациям области Ұлытау Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан" |
| **Наименование организатора** | Государственное учреждение "Департамент по чрезвычайным ситуациям области Ұлытау Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан" |
| **№ конкурса:** | № 17997267-1 |
| **Наименование конкурса:** | Учебно-тренировочная башня, спортивная на 2-е беговые дорожки для занятий пожарно-спасательным спортом |
| **Номер лота:** | № 87916934-ОК1 |
| **Наименование лота:** | Тренажер |
| **Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг*:** | 323014.000.000030 |
| **Наименование товара*:** | Тренажер |
| **Единица измерения*:** | Комплект |
| **Количество (объем)*:** | 1 |
| **Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость*:** | 21750000 |
| **Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость*:** | 21750000 |
| **Условия поставки (в соответствии с ИНКОТЕРМС 2010)*:** | DDP термин употребляется с указанием места прибытия. Он означает, что ответственность продавца заканчивается после того, как товар доставлен в указанное место в стране покупателя. Все риски, все расходы по доставке груза (налоги, пошлины и т. д.), ответственность за порчу и потерю товара, включая пошлины и прочие выплаты, выплачиваемые при импорте, до этого момента несёт продавец, также он несёт ответственность за таможенную очистку. |
| **Срок поставки*:** | Согласно технической спецификации |
| **Место поставки товара*:** | 621010000, область Ұлытау, г.Жезказган ул.Абая, 132 |

| | |
|---|---|
| **Размер авансового платежа* **:** | 0 % |
| **Наименование национальных стандартов, а при их отсутствии межгосударственных стандартов на закупаемые товары. При отсутствии национальных и межгосударственных стандартов указываются требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики закупаемых товаров, с учетом нормирования государственных закупок.** | ГОСТ 9301-21 |
| **Товар должен быть новым, неиспользованным, год выпуска не ранее (до трех лет) до даты заключения договора за исключением приобретения здания, строения, сооружения, помещения, имеющих нежилое назначение, авиационной техники** | |
| **Гарантийный срок (в месяцах)** | 36 |

| | |
|---|---|
| **Описание требуемых функциональных, технических, качественных, эксплуатационных и иных характеристик закупаемого товара** | В связи с физическим износом, а также несоответствием требованиям технических условий и утверждённой конструкторской документации, необходимо выполнить демонтаж существующей четырёхэтажной учебно-тренировочной башни, оборудованной двумя беговыми дорожками. Демонтаж башни выполнить с применением грузоподъёмного крана, с соблюдением требований промышленной безопасности, охраны труда и техники безопасности. Демонтированные конструкции башни необходимо погрузить, транспортировать и выгрузить на определённый Заказчиком участок территории для последующего хранения. Все работы по демонтажу, погрузке и вывозу выполняются силами и средствами поставщика. Описание башни: Учебно-тренировочная башня на 2 беговые дорожки (далее - башня) предназначена для проведения тренировочных занятий и соревнований по пожарно-спасательному спорту в дисциплине «Подъём по штурмовой лестнице в окно 4 (2, 3) этажа учебной башни». Башня должна монтироваться на беговую дорожку или на ровную горизонтальную поверхность или покрытие. Башня может эксплуатироваться в естественных климатических условиях при температурах от - 40°С до + 40°С, и относительной влажности воздуха 90% при температуре + 27°С. Технические требования: Башня должна соответствовать требованиям настоящих технических условий и комплекту конструкторской документации. В составе конкурсной заявки обязательно представить действующий сертификат соответствия на учебно-тренировочную башню, проект, чертежи с приложением утвержденной спецификации. Конструкция: Габаритные размеры башни (без диагональных распорок вертикальной устойчивости и беговой дорожки) должны соответствовать габаритным чертежам: высота – не менее 13 160 мм, ширина – не менее 4 100 мм, глубина – не менее 3 000 мм. Башня должна быть четырёхэтажной, и иметь 4 ряда вертикальных окон. Несущая конструкция – металлический каркас из вертикальных стоек из профильной трубы 120Х120Х4 заливается бетоном на глубину не менее 2 м., а также горизонтальных и диагональных распорок, соединённых между собой, из профильной трубы 80х80х3 и 60х60х3. На каждом этаже башни должна быть площадка глубиной (от проемов окон) не менее 1 800 мм, устанавливается стационарное ограждение из профильной трубы 40х20х3мм. Внутри башни устраивается лестничные пролёты, из профильной трубы 80х80х3мм, с выходом на всех этажах, проемы которых должны иметь ограждение из профильной трубы 40х20х3мм со стойками. На лестничные пролеты наваривается уголок под лестничные марши 40х40х4мм на которые устанавливаются деревянные доски толщиной 50 мм. Перила из профильной трубы 40х20х3мм. Площадки на всех этажах покрываются фанерой ламинированной для опалубки, толщиной не менее 18мм. Вертикальная, фасадная плоскость башни, обращенная в сторону беговой дорожки, является рабочей, должна быть обшита ламинированной фанерой толщиной не менее 18 мм, а в местах подверженных износу от контакта со спортивной обувью (под подоконниками) дополнительно обшита резиной шириной не менее 800мм, (толщиной не менее 6 мм). |

| | |
|---|---|
| | Остальные три части обшиваются металлическим сайдингом «Евробрус» (цвет согласовать с заказчиком) толщиной не менее 0,40 мм. Углы обшить фасонными металлическими изделиями 100х100 мм, с изгибом15х15. На рабочей стороне предусматриваются: - два оконных проема размером не менее 1 100х1 870 мм, на 2,3,4 этажах; - расстояние от окна до обреза стены не менее - 650 мм; - ширина простенка между оконными проемами не менее - 600 мм; - ширина подоконника с учетом толщины планки не менее 380 мм, подоконник на который набивается пожарный рукав при этом должен выступать за фасадную плоскость на не менее 30 мм. - доски подоконника толщиной не менее 50 мм укладываются в уголок, для удобства замены при необходимости, с внутренней стороны ребра подоконной доски закругляются. Высота подоконника от уровня пола не менее 800-850 мм. Высота подоконника второго этажа от поверхности земли не мнее 4 250 мм, расстояние между подоконниками 2 и 3, 3 и 4 этажей не менее 3 300 мм. Под окнами второго этажа на расстоянии не менее 3 140 мм от подоконника наращивается брус 60х60 мм по всей ширине башни, площадь фасада башни ниже бруса обшивается нержавеющим металлическим листом (толщиной не менее 0,7 мм). Низ башни, расстояние не менее 4 250 мм от уровня подоконника 2-го этажа яркой краской по ширине всей башни наносится линия уровня предохранительной подушки (нулевая отметка). Перед рабочей стороной башни в грунте устраивается предохранительная подушка толщиной не менее 1 м, шириной от фасадной стороны не менее 4 м, выступающая по бокам за габариты башни не менее, чем на 1 м. Предохранительная подушка указанной толщины делается из засыпки, состоящей из 50% опилок и 50% песка, которые перемешиваются между собой и насыпаются слоем на пружинистое основание. Толщина основания не менее – 0,5 м. Между пружинистым основанием и засыпкой делается прокладка из рогожи. Засыпка в яме должна быть достаточно взрыхленной, но на одном уровне с дорожкой разбега. Для отвода воды из приямка подушки делается дренаж или другое устройство, обеспечивающее сток воды. Устанавливается страховочная сетка изготовленная из капроновой нити толщиной не менее 3 мм и размером ячеек 50х50 см натягивается перед учебной башней на уровне середины окна 2-го этажа, не менее 5 200 мм от уровня дорожки, на расстоянии не менее 700 мм от рабочей поверхности башни поперек всех беговых дорожек. Крепеж осуществляется за каркас из металлической трубы 80х80х4, длинной не менее 8 метров с каждой стороны. Длина бетонированной площадки не менее 36 м., ширина не менее 8 м., толщина не менее 10 см. На всю дорожку заливается тартановое покрытие из резиновой крошки толщиной не менее 10 мм, с разметками между дорожками и стартовой линией. Для проведения соревнований в подъеме по штурмовой лестнице на расстоянии не менее 32,25 м от основания башни наносится стартовая линия. Ширина каждой дорожки не менее 1,7 м. Стартовая линия наносится белой краской параллельно фасаду башни. Надежность: Основной элемент Башни – каркас должен |

| | |
|---|---|
| | гарантировать срок эксплуатации не менее 3-х лет, щиты не менее – 2 года, напольное покрытие не менее – 1 год. Дополнительные требования: Для возможности хранения спортивного снаряжения 1 – ый и 2 – ой этажи металлическим сайдингом «Евробрус» либо эквивалент (цвет согласовать с заказчиком) толщиной не менее 0,40 мм., а крышу оцинкованным профлистом толщиной не менее 0,45 mm. Установить железные двери не менее 2 000 х 700 mm и не менее 1-го окна размером не менее 1 000 х 1 500 mm. При консервации башни на зимний период предусмотреть съёмные «Ставни» для возможности плотного закрывания всех окон. Требования к механическим и физическим свойствам комплекта: Так как, башня может эксплуатироваться в различных атмосферных условиях, его каркас должен быть защищён антикоррозионным, влагостойким покрытием, согласно межгосударственного стандарта ГОСТ 9301-21 (s = 9 - 12 мкм), или окрашен атмосферостойкой краской с предварительным покрытием грунтовкой. Лицевая сторона щитов должна иметь наружную поверхность с высокой стойкостью к атмосферным осадкам. Срок поставки товара: 30 календарных дней после регистрации договора в органах Казначейства, но не более срока действия договора. Сборка и установка осуществляется поставщиком и входит в общую стоимость Башни. Места поставки: область Ұлытау, г.Жезказган, ул. Абая 132. Место установки по согласованию с поставщиком. Место установки определяется по согласованию с Поставщиком. |
| **Сопутствующие услуги (указываются при необходимости) (монтаж, наладка, обучение, проверки и испытания товаров)** | |
| **Условия к потенциальному поставщику в случае определения его победителем и заключения с ним договора о государственных закупках (указываются при необходимости) (Отклонение потенциального поставщика за не указание и непредставление указанных сведений не допускается)** | |

Примечание
1. Каждое требование по функциональным, техническим, качественным, эксплуатационным, иным характеристикам, сопутствующим услугам и дополнительным условиям к исполнителю указывается отдельной строкой.

2. Установление в настоящей технической спецификации квалификационных требований, предъявляемых к потенциальному поставщику, не допускается.
3. Установление требований технической спецификации в иных документах не допускается.
* сведения подтягиваются из плана государственных закупок (отображаются автоматически).